

ӘОЖ 541.64:678.745(088.8)

Қ. Б. МҰСАБЕКОВ, Н. Қ. ТУСІПБАЕВ, А. Ч. БУСУРМАНОВА

ПОЛИСТИРОЛ ЛАТЕКСІ МЕН ЭПОКСИДИАН ШАЙЫРЫ НЕГІЗІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА КОРРОЗИЯҒА ҚАРСЫ ЖАҢА СЫРЛЫ-БОЯУ ӨНІМІН АЛУ

Сулы-дисперсиялы коррозияға қарсы тұрақты сырлы-бояғыш құрамдар алынды. Су негізінде коррозияға қарсы сұртүсті екі орамдағы эпоксидті бояулардың ерекше рецепттері әзірленді. Металды коррозиядан сақтандырудың экологиялық таза технологияларына арналған сулы-дисперсиялы қорғағыш жаңа бояуды қолдану біздің еліміздің осы салада шеттеп екелінетін тауарларға тәуелділігін жоюға себепкер болады.

Тәжірибелік бөлім

Зерттеу нысаналары ретінде белгілі әдіспен [1, 2] синтезделген, бөлшектері он зарядталған (эмультгатор – цетилпиридиний бромиді), полиэтиленполиамин олигомері.

Коллоиды жүйелердің электролиттер қатысында тұрақтылығы «Shimadzu» фирмасының UV-1700 спектрофотометрінде 540 нм толқын ұзындығында анықталған жүйенің оптикалық тығыздығының өзгеруі бойынша анықталды.

Нәтижелерді талқылау

Қазіргі заманғы сырлы-бояу технологиясында ұшқыш компонент ретінде органикалық еріткіш орнына су қолданады. Полимерлі жарғақ түзушінің күйіне байланысты, сулы-дисперсиялы бояу құрамында жарғақ түзуші судағы дисперсия күйінде болатын және суда еритін полимер күйінде болатын ерітінді типті жүйелер болып белгінеді. Жарғақ түзуші судағы дисперсия күйінде болатын бояу құрамының ерекшелігі, полимерлі жарғақ түзуші жоғары дисперсиялы күйде (бөлшек өлшемі 0,1–0,25 мк) болады [3–5]. Сулы дисперсияны инертті және органикалық еріткіште нашар еритін кез келген полимерден алуға болады.

Сулы-дисперсиялы бояулар технологиясының жаңа жетістіктері эмульсиялы полимерлеуге, сонымен бірге полимерлі дисперсиялардың коллоидты-химиялық қасиеттерін зерттеуге және жарғақ түзу механизмдерінегізделген. Бұл зерттеулер нәтижесінде сулы дисперсиялар, жарғақ түзуші ерітіндісі негізінде жаңа технологиялармен сулы-дисперсиялы бояулар алу мүмкіншілігі бар.

Эпоксизифирлер, эпоксидтер және синтетикалық латекстер қоспаларынан алынған жарғақ түзушіні сырлы-бояу өнімдеріне косу нәтижесінде алынған қаптаулардың қасиеттері жоғары сапага ие [6].

Олардың негізінде беріктілігі жоғары, мұнай өнімдерінің әсеріне тұрақты, жақсы қорғағыш қасиеттеріне ие қаптаулары қалыптасатын сулы-дисперсиялы сырлы-бояу өнімдері алынады. Әртүрлі сополимерлердің латекстері мен эпоксидті олигомерлердің эмульсиялары бар жарғақ түзушінің негізінде алынған сулы-дисперсиялы сырлы-бояу өнімдері де жоғары дәрежедегі қасиеттерге ие [6–8]. Экологиялық себептерден басқа, сулы-дисперсиялы сырлы-бояу өнімдерін алу – экономикалық тиімді.

Қазіргі заманғы сулы-дисперсиялы бояуларды алу және қолдану – жарғақ түзілу процесін және олардың коллоидты-химиялық қасиеттерін жеткілікті зерттеуге негізделген. Кез келген дисперсиялы сырлы-бояу өнімдерінен алынған қаптаулардың қалыптасуы олардың коагуляциясы нәтижесінде жүреді. Коагуляциялық әсердің, оның ішінде судың булану нәтижесінде жүретін сулы-дисперсиялы бояулардың концентрленуі қолданады.

Бірақ сулы-дисперсиялы бояулардың қаптауларға айналу процестері коагуляциялық әсерлесу әдісіне байланыссыз, жарғақ түзуші жүйелердің түрлеріне ғана байланысты.

Бутадиен-стиролды сополимер BC-65 және полиэтиленполиаминнің тұрақты дисперсиясын алу.

Латекс жүйелерінің тұрақтылығына электролиттерді қосу әсер етеді. Полиэтиленполиамин (эпоксидидиан шайырларының қатайтқыштары) – құрамында біріншілік және екіншілік амин топтары бар, суда еритін олигомер. Полиэтилен-полиаминнің судағы ерітіндісі сілтілік органы (50%-дық сулы ерітіндінің pH=11,91) көрсетеді және органикалық электролит болып есептеледі. Бұл өнім сулы-дисперсиялы екі компонентті бояудың құрамына ПЭПА олигомері енетін болғандықтан, BC-65 латексінің тұрақтылығына әсерін зерттеу кажет. Концентрациялары әртүрлі ПЭПА ерітіндісі дайындалып,

ионсыз БАЗ тұрақтанбаған BC-65 латексіне оның өсерін байқадық. Оның тұтқырлығы, ортасын pH, дисперсиядағы коагуляттың мөлшері өлшемді.

Алынған жүйенің тұрақтылығын зерттеу нәтижелері 1 кестеде көтірілген.

1-кесте. BC-65 латекс – ПЭПА жүйесінің тұрақтылығын зерттеу

ПЭПА концентрациясы, масс. %	Тұтқырлық, сек.	pH	Коагулят мөлшері, %
0	14	8	0
2	15	11,38	0
4	15	11,4	0
6	15,5	11,51	1,5
8	16	11,56	2,8
10	16,5	11,56	3,6
12	17	11,57	5,1

1-кестеден көргеніміздей, латекске ПЭПА-ның тәмен концентрациясын қосқан кезде дисперсияның тұрақтылығына өсер етпейді (коагуляттың жоқтығы), бірақ ортасын pH аз ғана жоғарылайды. ПЭПА-ның жоғары концентрациясын латекске қосқан кезде, яғни, 6% бастап коагулят түзіледі. Осы кезде жүйенің тұтқырлығы мен pH өседі. Бұл кезде дисперсияның тұрақтылығы ПЭПА полиэлектролитінің өсерінен бұзылады және бутадиен-стирол сополимері дисперсиясының бөлшектері өзінің бетіндегі эмульгатордың бір бөлігін жоғалтып, агрегацияланған бастайды. Сулы-дисперсиялы бояу құрамындағы ПЭПА қатайтышын қолдану үшін, BC-65 дисперсиясы ионсыз беттік-активті заттармен косымша тұрақтандыру қажет.

Сондықтан, 1% ОП-10 (ионсыз БАЗ) тұрақтандырылған BC-65 тұрақтылығына ПЭПА әртүрлі концентрациясының өсері өзертелді (2-кесте). 2-кестеден көргеніміздей, 1% ОП-10 тұрақтандыру BC-65 латексінің ПЭПА барлық концентрациясында дисперстік жүйе бұзылмайды (коагулят түзілмейді

2-кесте. BC-65 – 1% ОП-10 жүйесінің ПЭПА концентрациясына тәуелді тұрақтылығын зерттеу

ПЭПА концентрациясы, масс. %	Тұтқырлық, сек.	pH	Коагулят мөлшері, %
0	14,5	7,48	0
2	14,5	11,45	0
4	14,5	11,51	0
6	14	11,54	0
8	14	11,55	0
10	14	11,56	0
12	14	11,56	0

және тұтқырлықтың тұрақтылығы). Сонымен, ионсыз БАЗ қосу арқылы бутадиен-стиролды сополимердің тұрақты жарғақ түзуші дисперсиясын алуға болады.

Оң зарядталған полистиролды латекс және полиэтиленполиаминнің тұрақты дисперсиясын алу. 3-кестеде оң зарядталған полистиролды латекстің полиэтиленполиамин қатысында тұрақтылығының нәтижелері көтірілген.

3-кесте. ПСЛ–ПЭПА жүйесінің тұрақтылығын зерттеу

ПЭПА концентрациясы, масс. %	Тұтқырлық, сек.	pH	Коагулят мөлшері, %
0	14	8,2	0
3	16	9,5	0
5	17	10,4	0
7	17	10,6	0
9	17,5	10,8	0
11	18	11,1	0
13	19	11,2	0
15	20	11,3	0
17	21	11,35	0

3-кестеден көргеніміздей, ПЭПА олигомерін қосу латекстің тұрақтылығына өсер етпейді, яғни жүйеде коагулят түзілмейді. Бұл кезде ортасын pH тұрақты мәнге дейін бірте-бірте артады.

Бұл ПЭПА катиондары латекстің оң зарядталған бөлшектерімен әрекеттеспейді, оны тұрақтандырады.

Сулы-эмulsionялы бояу құрамында катайтыш ретінде ПЭПА қолдану үшін, бутадиен-стиролды латекс жағдайындағыдан ионсыз БАЗ қолданудың қажеті жок. Бұл сырлы-бояу өнімдерінің құрамдастарының бірі ретінде қолданатын, латекстің тұрақты сулы-дисперсияны алу процесін арзандатады.

Сондықтан, латекске ЭД-20 эпоксидті шайырдың қатайтышы ретінде қолданатын ПЭПА қосу арқылы ПСЛ тұрақты дисперсиясын қолдануға болады.

Құрамында эпоксидиан шайыры, ПСЛ, ПЭПА олигомері, минерал толтырыштар бар тұрақты 4 компонентті сулы дисперсия алу.

ЭД-20 эпоксид шайырын қатайтыш ПЭПА қатысында ПСЛ тұрақты жарғақ түзуші дисперсия алынды. Осылардың негізінде сұр түсті (титан қостотығы мен көмір пигменті) коррозияға карсы қаптаулар алынды. Эпоксид шайырының қажет мөлшерін анықтау үшін алған ала массалық % тәмендегідей қоспа дайындалды:

эпоксидиан шайыры ЭД-20 – 80 %;

моноэтиленглицидил эфирі – 10 %;
мырыш фосфаты + H_3PO_4 – 10 %.

Бұл дайын қоспа 100 г сулы-дисперстік бояуға қосылды. Нәтижелері 4-кестеде көлтірілген.

4-кестеден көргеніміздей, ЭД-20 эпоксидаң шайырын дисперстік жүйеге қосқан кезде, оның тұрақтылығы бұзылмайды (коагуляттың болмауы, металға жақсы адгезиясы, бетінің тегіс және біртектілігі). Жүйеге 10 г эпоксид шайырын қосқан кезде металға адгезиясы минимал болды. Сондықтан кейінгі зерттеулер үшін 100 г бояуға эпоксидаң шайырының 25, 45 және 55 г үлгілері алынды.

5-кестеден көргеніміздей, зерттелген барлық құрамдар судың әсеріне төзімді.

6-кестеден эпоксидаң шайырының құрамы артқан сайын, 3 %-дық H_2SO_4 ерітіндісіне төзімділігі артатынын көреміз. Бұл жарғак түзушінің құрамы артқан сайын, үлгі бетінің қеуектілігінің азаюмен түсіндіріледі.

Улгілерді Жетібай кенорнының мұнайына 40 °C төзімділігі зерттеліп, нәтижелері 7-кестеде көлтірілді.

7-кестеден эпоксидаң шайырының құрамы артқан сайын, мұнайға төзімділігі артатынын көреміз. Қабаттың қалындауы – мұнай құрамындағы асфальтшайыр парафиндердің металл пластинасы бетіне кристалданына байланысты.

Сонымен, жүргізілген зерттеулер нәтижесінен

4-кесте. Сулы-дисперстік бояудың ЭД-20 мөлшеріне байланысты параметрлері

А беліктің түсі	100 г бояуга қосылатын ЭД-20 мөлшері, г	Қаптаудың кебу уақыты, сағ.	Кепкеннен кейінгі қаптаудың сыртқы түрі	Металға адгезиясы	Коагуляттың болуы
Сұр	10	6	Тегіс біртекті	0,5	Жоқ
	25	5	Тегіс біртекті	1	Жоқ
	45	3	Тегіс біртекті	1	Жоқ
	55	3	Тегіс біртекті	1	Жоқ

5-кесте. Сулы-дисперстік бояудың ЭД-20 мөлшеріне байланысты қаптаулардың сұға төзімділігі

Құрамның түсі	100 г бояуга қосылатын ЭД-20 мөлшері, г	Қаптау қалындығы Қабаттың			Қалындау, қалындауы	%
		Металл	Сұға салғанға дейін	Сұға салғаннан кейін		
Сұр	25	0,83	1,06	1,06	0	0
	45	0,83	1,07	1,07	0	0
	55	0,83	1,08	1,08	0	0

6-кесте. Сулы-дисперстік бояудың ЭД-20 мөлшеріне байланысты қаптаулардың 3 %-дық H_2SO_4 ерітіндісіне төзімділігі

Құрамның түсі	100 г бояуга қосылатын ЭД-20 мөлшері, г	Қаптау қалындығы			Қабаттың жүқаруы	Жүқару, %
		Металл	Қышқылға салғанға дейін	Қышқылға салғаннан кейін		
Сұр	25	0,82	1,07	1,04	0,03	12,0
	45	0,82	1,07	1,06	0,01	4,0
	55	0,82	1,05	1,05	0	0

7-кесте. ЭД-20 мөлшеріне байланысты қаптаулардың мұнайға төзімділігі

Құрамның түсі	100 г бояуга қосылатын ЭД-20 мөлшері, г	Қаптау қалындығы			Қабаттың қалындауы	Қалындау, %
		Металл	Мұнайға салғанға дейін	Мұнайға салғаннан кейін		
Сұр	25	0,82	1,04	1,15	0,11	50
	45	0,82	1,03	1,10	0,07	33
	55	0,82	1,03	1,08	0,05	24

суга, күкірт қышқылының әлсіз ерітіндісіне және жоғары парафинді мұнайға тәзімді екенін көреміз. Бұл қаптау құрамында эпоксидиан шайырының мөлшері артқан сайын, оның тәзімділігінің артқанын көреміз. 3 %-дық H_2SO_4 ерітіндісімен әсер стекенде, шайыр мөлшерін 55 массалық пайызға артығанда, әлсіз қышқылдың әсерін бейтараптады. Бұдан коррозияға қарсы қаптауға эпоксидиан шайырын қосқан кезде оның агрессивті әсерлерге тәзімділігі артады.

Сұлы негізде коррозияға қарсы эпоксид бояуының құрамы. Зерттеу нәтижелерінің негізінде сұр түсті коррозияға қарсы эпоксид бояуының құрамы анықталды. Оның құрамы екі бөліктен тұрады: А және Б. Әр бөлікті жеке дайындаиды. Металл бетін қаптау алдында екі бөлікті арапастырады.

Жаңа коррозияға қарсы қаптаудың коррозияға тұрақтылығын зерттеу. А және Б бөлікті масса бойынша 65 : 35 қатынаста арапастырылды. Алтын-ған құрам 20–30 мин бойына толық біріккенге дейін арапастырылды. Сонан соң өлшемі 150×70 мм, қалындығы 0,8–1,0 мм СТ-3 маркалы металл пластинасына жағылды.

Зерттеулер статикалық жағдайда жүргізілді.

- құбыр суы,
- 3% күкірт қышқылының ерітіндісі,
- Жетібай кенорнының мұнайы.

Су мен 3 % күкірт қышқылының ерітіндісінде сынаманы жеке-жеке бөлме температурасында, мұнайға тәзімділігі термостатта 40 °C температурада зерттелді.

Зерттеу нәтижелері 9-кестеде келтірілген.

Жүргілген зерттеулер нәтижесінде:

- Жаңа коррозияға қарсы қаптау және «Алтын

8-кесте. Сұр түсті коррозияға қарсы эпоксид бояуының құрамы

Компонент аты	Мөлшері, мас. %
А бөлігі	
Су	18,6
ПСЛ	50,2
ПЭПА	5,75
Пигмент	15,01
Толтыргыштар	10,44
Барлығы:	100
Б бөлігі	
Моноэтиленглицидил эфирі МЭГ	10
Эпоксидиан шайыры ЭД-20	78
Мырыш фосфаты	10
Пигмент	2
Барлығы:	100

«Алтын Эмель» бояуы барлық жағдайларда металл бетінде адгезиясы жақсы, барлық жағдайда коррозия байқалмайды.

2. Судың әсері ешқандай өзгерістерге ұшыратпайды.

3. Жаңа коррозияға қарсы қаптау 3% күкірт қышқылының ерітіндісіне 9,4 % тәзімді.

4. Жетібай кенорнының жоғары парафинді мұнайының әсеріне «Алтын Эмель» коррозияға қарсы қаптауына қараганда, жаңа коррозияға қарсы қаптау 53,5% тәзімді.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Елисеева В.И. Полимерные дисперсии. М., 1980. 212 с.

2. Соловьева Т.С., Нefедова Л.Н., Панич Р.М. Свойства исходных латексов, стабилизованных смесями катионного и неоксиэтилированного неионного эмульгаторов // Латексы. Воронеж: Изд. Воронежского университета, 1973. С. 52-55.

9-кесте. Жаңа коррозияға қарсы және «Алтын Эмель» қаптауларының коррозияға тұрақтылығы

Зерттелетін сұйықтық	Қаптау аты	Пластина қалындығы			Коррозия	Қалындауы/жұқаруы, мм / %	Тұрақтылықтың артуы, %
		Металл	Бояумен, сұйықтыққа салғанға дейін	Бояумен, сұйықтыққа салғаниан кейін			
Су	Жаңа коррозияға қарсы қаптау	0,82	1,04	1,04	Жоқ	0	
Су	«Алтын Эмель»	0,82	1,03	1,03	Жоқ	0	
3% H_2SO_4	Жаңа коррозияға қарсы қаптау	0,82	1,05	1,04	Жоқ	0,01 / 4,35	9,4
3% H_2SO_4	«Алтын Эмель»	0,82	1,03	1,02	Жоқ	0,01 / 4,76	
Мұнай	Жаңа коррозияға қарсы қаптау	0,82	1,05	1,10	Жоқ	0,05 / 21,7	53,5
Мұнай	«Алтын Эмель»	0,82	1,03	1,10	Жоқ	0,07 / 33,3	

3. Толмачев И.А., Вехоланцев В.В. Новые водно-дисперсионные краски. Л.: Химия, 1979. С. 200.
4. Толмачев И.А. Водно-дисперсионные лакокрасочные материалы промышленного назначения // Лакокрасочные материалы и их применение. 2004. № 5. С. 46-51.
5. Амирова Л.М. Элементоорганические и металлоорданизированные эпоксидные полимерные материалы: Синтез, свойства, применение. Казань: Новое знание, 2003. 244 с.
6. Ли Х., Невилл К. Справочное руководство по эпоксидным смолам. М.: Энергия, 1973. С. 127.
7. Амирова Л.М. Водоэмульсионные фосфорсодер-жущие эпоксидные композиции // Лакокрасочные материалы и их применение. 2003. №9. С. 8-10.
8. Степин С.Н., Сиразиева Л.Ф., Шафигуллин Н.К. Исследование диспергирующей способности олигомеров этиленоксида // Лакокрасочные материалы и их применение. 2004. № 3. С. 28-35.

Резюме

Получен стабильный водно-дисперсионный лако-красочный анткоррозионный состав на основе положительно заряженного полистирольного латекса и эпоксидиановой смолы. Разработан оригинальный рецепт антикоррозионной эпоксидной двухупаковочной краски серого цвета на водной основе. Применение конкурентоспособной новой водно-дисперсионной защитной краски для

экологически чистых технологий защиты металлов от коррозии будет способствовать импортозамещению лакокрасочных материалов в республике.

Summary

It has been received stable aqueous-dispersion paintwork composition on the base of positive polystyrene latex and epoxy resin. Original method for production of anticorrosive epoxy paint of grey colour on aqueous base has been developed. Application of this paint for protection of metals from corrosion will replace of paintwork material import into Kazakhstan.

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ.

19.05.06 ж. түскен күні